



20 16 ж. 08 тамыз  
№ 246

20\_\_ г.

Тараз қаласы

**«Атамекен Тараз» Микроқаржы ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігін  
құруға қатысу туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес, Жамбыл облысының кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Атамекен Тараз» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құруға қатыссын.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен құрылтай келісім шартын жасауды және осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін «Атамекен Тараз» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 49 пайыз мемлекеттік еншісін «Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басқаруға өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Нұралиевке жүктелсін.

Облыс әкімі

К.Көкрекбаев

Бұл құжаттың нөмірі ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ деген сөздермен бекітіледі және ЕСПККЕ АЛЫНАДЫ.  
Бұл құжаттың нөмірі ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ деген сөздермен бекітіледі және ЕСПККЕ АЛЫНАДЫ.

0001969